



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№39 (1996) 10 ҚАРАША 2025 ЖЫЛ



Биоалуантүрлілікті қорғау институты ашылды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Экожүйелер мен биоалуантүрлілікті қорғау бойынша Орталық Азия – Герман институты ашылды.

теушілер тәжірибе алмасып, ортақ жобаларды бірлесіп іске асырады.

Шара «Орталық Азиядағы биоалуантүрлілікті сақтаудың мәселелері мен болашағы» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциямен жалғасты.

Ауқымды жиынға ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, Германия Федеративтік Республикасының Алматы қаласындағы бас консулы Матиас Лёхерер, Тәжікстан Ұлттық ғылым академиясының вице-президенті Тиллохужа Ибодзода, NETSCI GmbH компаниясының басқарушы директоры Маттиас

Крамер қатысты. Сондай-ақ 15 мемлекеттен 100-ден астам ғалым мен жас зерттеушілер, сарапшылар жиналды.

Конференция жұмысын ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев ашып, оқу ордасы ғылым, білім және әлеуметтік бастамалар арқылы тұрақты даму мақсаттарын белсенді жүргізіп келе жатқанын атап өтті. «Халықаралық конференция барысында отандық және шетелдік ғалымдар биоалуантүрлілікті сақтау саласындағы өзекті мәселелер мен жетістіктерді талқылады.

Жалғасы 2-бетте

Франция ЖОО-ларымен ынтымақтастық артады



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Францияның Қазақстандағы бас консулы Максима Жеренжемен келіссөз жүргізді.

Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ Францияның жоғары оқу орындарымен өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға ерекше мән беретінін жеткізді. Ректор жаңадан сайланған консулдың жұмысына сәттілік тілеп, бірқатар ұсынысын ортаға салды.

«ҚазҰУ мен Франция ЖОО-лары арасындағы әріптестік байланыс жаңа деңгейге көтеріліп келеді. Дегенмен өзге де франциялық университеттер-

мен серіктестік орнату жұмыстарын жүргізу абзал. Бұған қосымша ҚазҰУ базасында Фараби кітапханасы жұмыс істейді. Мұнда 2 миллионнан астам кітап қоры бар. Солардың ішінде Франция тарихына және ақын-жазушыларына қатысты кітаптар жетерлік. Осы бағытта зерттеу жұмыстарын жүргізуге мол мүмкіндік бар. Сонымен қатар болашақта ҚазҰУ мен консулдық бірлесіп ортақ конференциялар, кездесулер, дәрістер өткізуді ұсынамын», – деді ректор.

Өз кезегінде Максима Жеренже ілтипат білдіргені үшін алғыс айтып, айтылған барлық бастамаларды қолдайтынын жеткізді.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Орталық Азиядағы жетекші университет

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті QS Asia University Rankings 2026 беделді халықаралық рейтингінде 38-орынға ие болып, Орталық Азиядағы жетекші университет мәртебесін тағы да растады.

Биыл QS Quacquarelli Symonds агенттігі рейтинг тарихындағы ең ауқымды нәтижелерін жариялады: рейтингке 25 елден 1529 университет, оның ішінде Орталық Азияның 73 жоғары оқу орны енді ([https://](https://www.topuniversities.com/asia-university-rankings)

www.topuniversities.com/asia-university-rankings).

Қазақстан өз көрсеткіштерін айтарлықтай нығайтып, рейтингке енген университеттер санын 35-тен 44-ке дейін арттырды. Солардың ішінде

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аймақтық көшбасшылығын сақтап қалып, Орталық Азиядан үздік 40 азиялық университет қатарына енген жалғыз жоғары оқу орны атанды.

ҚазҰУ-дың жоғары нәтижесі QS рейтингінің 11 негізгі көрсеткішінің алтауы бойынша мықты позицияларымен қамтамасыз етілді. Олар: академиялық және жұмыс берушілер арасындағы бедел, оқытушы

мен студент санының арақатынасы, шетелдік студенттердің үлесі, шетелден келетін студенттер мен шетелге оқуға шығатын студенттер үлесі, ғылыми дәрежесі бар оқытушылардың үлесі. Бұл көрсеткіштер университеттің тұрақты дамуын, оның ғылыми әлеуетін және жоғары халықаралық танылуын дәлелдеп отыр.

Гүл БАЯНДИНА



2-бет

Кореялық клиникаға жұмысқа орналасуға мүмкіндік



3-бет

Суретшілер туындылары жоғары бағаланды



4-бет

AlgaBioTech – инновациялық зерттеулердің қайнар көзі





Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев корейлік Опен Healthcare клиникасының Қазақстандағы бас директоры Ким Дэ Йонгпен кездесті.

Корейлік клиникаға жұмысқа орналасуға мүмкіндік



Йонг ілтипат білдіргені үшін алғыс айтып, бірқатар ұсынысын ортаға салды.

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – Қазақстандағы көш-

басшы жоғары оқу орындарының бірегейі. Сондықтан университетпен бірге жұмыс істеу біз үшін маңызды. ҚазҰУ-дың микробиология және медицина бағыты бойынша бітірген түлектер біздің клиникада жұмыс істей алады. Біз түлектерді Корейде оқытып, білімдерін жетілдіруге көмектесеміз. Сонымен қатар ҚазҰУ-мен ортақ ғылыми жобаларды жүзеге асыруға ниеттіміз», – деді құрметті қонақ.

Келіссөз қорытындысында тараптар әріптестік байланысты одан әрі арттыруға бағытталған жұмыстарды бірлесіп атқаруға уағдаласты.

Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ



Академиялық алмасуларды кеңейту мәселесін талқылады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Қытай Халық Республикасының Гуйлинь электронды технологиялар университеті (ГЭТУ) делегациясымен кездесті.



Ректор ғылым мен білім саласындағы ҚазҰУ-дың маңызды стратегиялық серіктестерінің бірі ҚХР екенін айтты. Ол университеттің халықаралық аренадағы беделі жыл сайын артып келе жатқанын және QS World University Rankings 2026 нәтижесінде ҚазҰУ әлемнің үздік 200 университетінің қатарына енгеніне назар аударды.

Келіссөз барысында тараптар академиялық алмасуларды кеңейту, бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу және екіжақты білім беру бағдарламаларын іске асыру мәселелерін талқылады. Әсіресе жасанды интеллект, модельдеу, материалтану, цифрлық технологиялар және киберқауіпсіздік бағыттарындағы серіктестік әлеуеті жоғары екені айтылды.

Соңғы жылдары ҚазҰУ-дың Қытайдың жетекші жоғары оқу орындарымен байланысы бел-



сенді түрде дамуда. Келіссөз барысында 2023 жылы ҚазҰУ базасында ашылған Солтүстік-

батыс политехникалық университеті (ҚХР) филиалының табысты жұмысы тілге тиек етілді.

Өз кезегінде ГЭТУ вице-президенті Чэнь Сунцин өз ризашылығын білдіріп, қытай тарапының ғылыми және академиялық байланыстарды нығайтуға мүдделі екенін атап өтті. ГЭТУ – Қытайдағы электроника, ақпараттық технологиялар және материалтану салаларындағы жетекші жоғары оқу орындарының бірі.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Биоалуантүрлілікті қорғау институты ашылды

Соңы. Басы 1-бетте

Ерекше назар Қазақстанның табиғи мұрасы – «Сиверс» алма ағашын сақтауға, қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне, экотуризм мен экологиялық білім беруді дамытуға аударылады. Бұл міндеттер тұрақты даму мақсаттарының 13-ші бағыты – «Климаттың өзгеруімен күрес», 14-ші бағыты – «Теңіз экожүйелерін сақтау» және 15-ші бағыт – «Құрлық экожүйелерін сақтаумен» тікелей байланысты. Бүгін талқыланатын тақырыптар Қазақстан мен бүкіл өңірдің ғылыми қауымдастығы мен қоғамы үшін аса маңызды екеніне сенімдімін», – деді ректор.

Өз кезегінде Германия Федеративтік Республикасының



Алматы қаласындағы бас консулы Матиас Лёхерер сөз сөйлеп, шараның маңыздылығына тоқталды.

Сонымен қатар жиынға қатысушы ғалым-сарапшылар баяндама жасап, биоалуантүрлілікті сақтау, климаттың өзгеруіне бейімделу бағытындағы ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

Конференция жұмысы түрлі тақырыптарға арналған секцияларда жалғасты.



Жаңа білім беру модельдерін енгізуге уағдаласты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев инженерлік білім беруді аккредиттеу жөніндегі Еуропалық желісінің президенті Жозе Карлос Квадрадомен кездесті.

Жүздесуде қос тарап жоғары білім беру сапасын арттыру, инженерлік бағыттағы оқу бағдарламаларын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру мәселелерін талқылады.

Жансейіт Түймебаев университеттің инженерлік білім беру саласындағы жетістіктері мен ғылыми-инновациялық әлеуеті туралы баяндап, ҚазҰУ-дың халықаралық аккредиттеу жүйесіне белсенді түрде қосылып келе жатқанын

атап өтті. Сонымен қатар ректор оқу бағдарламаларын жетілдіру, студенттердің тәжірибелік дағдыларын дамыту және сұранысқа ие жаңа білім беру модельдерін енгізу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтты. Сөз соңында оқу ордасының басшысы инженерлік білім беруді аккредиттеу жөніндегі Еуропалық желісінің Орталық Азия бойынша орталығын ҚазҰУ базасында ашуды ұсынды.

Өз кезегінде Жозе Карлос Квадрадо Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың халықаралық деңгейдегі беделін жоғары бағалап, ENAEE желісінің инженерлік білім берудің сапасын бағалау және аккредиттеу ісінде тәжірибе алмасуға дайын екенін жеткізді.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Маңызды стратегиялық әріптестік

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Қытай Халық Республикасының Ланчжоу университеті делегациясымен кездесу өткізді. Делегация құрамын университеттің вице-президенті Ван Вэй басқарды.

Келіссөз барысында ректор ҚазҰУ мен Ланчжоу университетінің арасындағы стратегиялық әріптестіктің маңыздылығын атап өтті. Ғылымды және инновациялық әзірлемелерді дамыту мақсатында инженерия және технология салаларындағы ынтымақтастықты күшейту қажеттігіне назар аударылды. Сондай-ақ ректор Ланчжоу университетіндегі Фараби орталығын ашу бастамасын ұсынды. Бұл қадам екі университет арасындағы мәдени, ғылыми және гуманитарлық байланыстарды одан әрі те-



реңдетуге мүмкіндік беретіні айтылды.

Өз кезегінде вице-президент Ван Вэй жылы қабылдау үшін алғыс білдіріп, ҚазҰУ-дың ғылыми-инновациялық әлеуеті мен халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталған стратегиялық қадамдарын жоғары бағалады. Ол Ланчжоу университеті ҚазҰУ жанындағы Конфуций институтымен белсенді ынтымақтастық орнатып отырғанын атап өтті.

Сонымен қатар ҚазҰУ-дың QS Asia University Rankings 2026 рейтингінде 38-орын алып, Орталық Азиядағы жетекші университет мәртебесін тағы да растағанын атап өтті.

Кездесу соңында тараптар ынтымақтастықты нақты жобалар мен бірлескен іс-шаралар аясында жүйелі түрде жалғастыруға уағдаласты.

Света
ӘБІЛҒАЗЫҚЫЗЫ

Қарақалпақстан Ғылым академиясымен меморандум

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Қарақалпақ бөлімшесі арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Бұл құжат білім, ғылым және кадр даярлау бағытында өзара серіктестікті дамытуға негіз қалайды.

Меморандумға ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев пен Өзбекстан Ғылым академиясы Қарақалпақ бөлімшесінің төрағасы Ахмед Реймов қол қойды. Келісімнің негізгі мақсаты – екі тараптың ғылыми әлеуетін біріктіріп, білім беру мен зерттеу салаларында тәжірибе алмасу және кәсіби ынтымақтастықты нығайту.

Серіктестік аясында ғылыми-зерттеу жұмыстарын бірлесе жүргізу, академиялық ұтқырлықты дамыту, білім беру



бағдарламаларын жетілдіру және ғылыми қауымдастықтар арасындағы тұрақты байланыстарды кеңейту көзделеді. Сондай-ақ тараптар жас ғалымдарды қолдау, бірлескен жобалар мен бастамаларды жүзеге асыруға мүдделі екенін білдірді.

Қол қойылған құжат Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы ғылыми және мәдени ықпалдастықты нығайту жолындағы маңызды қадам болып табылады.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

ҚазҰУ жоғары марапатқа ие болды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Learning Experience Champions марапатына ие болды. Жоғары марапат Сеул қаласында QS Higher Ed Summit: Asia Pacific 2025 саммиті аясында өткен QS Asia University Rankings Awards рәсімінде тапсырылды.

Биыл бұл атаққа Азияның үш жоғары оқу орны ие болды. Олар: Гонконг қалалық университеті, Қытайдың Цинхуа университеті және Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Айта кетейік, Гонконг қалалық университеті мен Цинхуа университеті QS Asia University Rankings 2026 нұсқасы бойынша Азияның Топ-10 университетінің қатарына енеді. Бұл ҚазҰУ-дың да

осы деңгейде мойындалуының маңыздылығын айқын көрсетеді.

Бұл білім беру сапасын арттыру, студенттерге қолайлы және академиялық ортаны дамыту және заманауи оқу үдерісін қалыптастыру бағытында жоғары нәтижеге қол жеткізген жоғары оқу орындарына беріледі.

Гүл БАЯНДИНА



Суретшілер туындылары жоғары бағаланды


Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «AI-Art: Бояудағы болашақ» атты шығармашылық пленэрде салынған суреттер көрмеге қойылды.

Жұртшылық назарына кәсіби қылқалам шеберлері Мәлік Қайдаров, Құрманғазы Ақашев, Ернат Иманбакиев, Нұрболат Талғатұлы, Айдос Сейдақұл, Мәлік Жұмағұлов, Бақтияр Бүркітбаев, Төлеген Сүлейменов, Серік Тайнов, Нұрлан Сатаев, Серік Ағатаев, Ақмарал Қажыбек, Перизат Тайнова, Тұрғын Абдурахман және басқа да суретшілердің 30-ға жуық жұмысы ұсынылды.

Майлы бояумен салынған туындыларда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жылдың төрт мезгіліндегі көрінісі бейнеленген. Университеттің сәулеттік келбетімен қатар, оның рухани орталықтары мен оқу ғимараттары қамтылған.

Көрме жұмысымен ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев танысып, суретшілердің туындыларын жоғары бағалады. Ректор өз сөзінде мұндай мәдени жобалардың жастар арасында ұлттық құндылықтар мен бейнелеу өнерін дәріптеуге жол ашатынын атап өтті. Сонымен қатар оқу ордасының басшысы қыс-көктем айларында университет қалашығында қайтара пленэр ұйымдастыруды тапсырды.

«Пленэрге қатысушы суретшілер ҚазҰУ-дың көрінісін жоғары деңгейде бейнелеген.



Бұл туындылар оқу ордасындағы 16 факультетке және кітапханаға қойылып, көшпелі көрме жұмысы ұйымдастырылады. Сондай-ақ алдағы уақытта ҚазҰУ базасында қол-өнер, сурет орталығын ашу аса маңызды», – деді ректор.

Айта кетейік, ағымдағы жылдың 23 қазан күні ҚазҰУ-да «AI-Art: Бояудағы болашақ» атты аспан астындағы шығармашылық пленэр өткен болатын.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті биология және биотехнология факультетінің Биотехнология кафедрасы базасындағы AlgaBioTech Қазақ-Жапон-Қытай халықаралық ғылыми-зерттеу орталығы – микробалдырлар мен цианобактериялардың биотехнологиялық әлеуетін зерттеп, қолданбалы зерттеулер жүргізуге бағытталған жетекші ғылыми орталық.

Экологиялық тұрақтылық пен тиімді ауыл шаруашылығын қамтамасыз ету жолындағы күрделі міндеттерді шешуде микробалдырлар мен цианобактериялардың биотехнологиялық мүмкіндіктерін оңтайлы пайдалану ерекше маңызға ие. Осы орайда, бұл орталық Қазақстандағы биотехнология саласында бірегей ғылыми-зерттеу алаңы ретінде қалыптасып, микробалдырлар мен цианобактериялардың биотехнологиялық әлеуетін толыққанды пайдалануға бағытталған көптеген маңызды жобаларды жүзеге асырып келеді. Университет ректоры Жансейіт Түймебаевтың қолдауымен 2025 жылы ашылған бұл орталықта фототрофты микроорганизмдер биотехнологиясы саласында көпжылдық тәжірибесі бар ғалымдар – Б.Заядан, Ә.Сәдуақасова, Д.Ақмұханова, Ф.Құдайбергенқызы, Д.Кирбаева, К.Болатхан, М.Бауенова және докторанттар мен магистранттар белсенді түрде зерттеу жұмыстарына тартылып, орталықтың ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асырады. Сондай-ақ AlgaBioTech ғалымдары ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі қаржыландыратын бірнеше гранттық жобалар аясында кешенді зерттеулер жүргізуде.

AlgaBioTech орталығының жетекшісі және негізін қалаушы, биология ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Болатхан Қазыханұлының жетекшілігімен қолданбалы зерттеулерде пайдалану мақсатында микробалдырлар мен цианобактериялар коллекциясының биобанкін құру және олардың биотехнологиялық потенциалын зерттеу бағытында ғылыми жоба іске асырылуда. Бұл Қазақстанда теңдесі жоқ бастама фототрофты микроорганизмдердің генетикалық қорын сақтау мен оларды биотехнология және биоөндіріс салаларында тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта орталықта AlgaBioTech ғалымдары құрған микробалдырлар дақылдарының (ССKazNU) коллекциясы бар. Бұл коллекцияда Қазақстан Республикасының түрлі экожүйелерінен бөлініп алынған және шетелдік ғылыми орталықтардың коллекцияларынан енгізілген 60-тан астам микробалдыр мен цианобактерия штамдары сақталуда.

Орталықта б.ғ.к., Биотехнология кафедрасының профессор м.а. Нұрзия Ақмұханованың

жетекшілігімен гранттық жоба аясында цианобактериялар мен микробалдырлардың пестицидтерді ыдыратудағы, топырақ құнарлылығын арттырудағы биотехнологиялық әлеуеті зерттеліп, осы зерттеулердің нәтижесінде пестицидтерге

налған органикалық биотыңайтқыштар мен өсімдік өсімін реттейтін биостимуляторлар алу бағытындағы гранттық жоба жүзеге асырылуда. Фариза Құдайбергенқызының айтуынша, жоба аясында өсімдіктің өсуін ынталандыратын цианобактерияларға негізделген органикалық тыңайтқыш алу технологиясы әзірленіп, оның топырақ микроорганизмдерінің құрамы мен белсенділігіне, топырақтың құнарлылығы мен құрылымына, сондай-ақ топырақ экожүйелерінің тұрақтылығына әсері зерттелуде.



AlgaBioTech — ИННОВАЦИОНАЛЬНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ ВНЕДРЕНИЕ И РАЗВИТИЕ

катысты биодеградациялық белсенділігі бар микробалдырлар мен цианобактерияларды бөліп алу, іріктеу және оларды ластанған топырақты биоремедиациялау мақсатында тиімді қолдану технологиясы әзірленуде. Сонымен қатар б.ғ.к., профессор-зерттеуші Әсемгүл Сәдуақасованың жетекшілігімен бірнеше гранттық жоба жүзеге асырылуда. Зерттеу жұмыстары ауылшаруашылық өсімдіктерінің тұрақтылығын арттыратын және олардың өнімділігін көбейтетін альгобактериялық биологиялық препараттар өндіру технологиясын жасау мен жетілдіруге бағытталған. Сондай-ақ PhD, доцент Фариза Сәрсекееваның ғылыми жетекшілігімен цианобактерия штамдары негізінде ауыл шаруашылығында қолдануға ар-



PhD, доцент Кенжегүл Болатханнның жетекшілігімен мұнай өнімдерімен ластанған ағынды суларды альго-цианобактериялық консорциумдар негізінде биоремедиациялау және оларды потенциалды биоотын

өндіру мақсатында пайдалану технологиясын әзірлеу бағытында ғылыми зерттеулер жүргізілуде. Бұл зерттеу барысында мұнаймен ластанған сулардың экожүйелік тепе-теңдігін қалпына келтіру, биодеградациялық қабілеті жоғары микроорганизмдерді іріктеу және олардың өзара симбиотикалық әсерін бағалау көзделген. Алынған нәтижелер экологиялық қауіпсіз биоэнергетикалық технологияларды дамытуға және өнеркәсіптік ағынды суларды тазалаудың тиімді биотехнологиялық әдістерін жетілдіруге мүмкіндік береді. PhD Меруерт Өмірбайқызының ғылыми жетекшілігімен суды фиторемедиациялау мақсатында тиімді су өсімдіктері мен микробалдырлар консорциумын

қалыптастыру және сонымен қатар биоотын өндірісіне арналған қосымша шикізат алу бойынша ғылыми-техникалық негізін құру бағытында зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Жүргізіліп жатқан зерттеулердің нәтижелері ауыл шаруашылығында экологиялық тұрғыдан қауіпсіз технологияларды енгізуге, топырақтың құнарлылығын арттыруға және өсімдік өнімділігін жоғарылатуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге микробалдырлар мен цианобактериялардың биотехнологиялық әлеуетін тиімді пайдалану қоршаған ортаның ластану деңгейін төмендетіп, биоремедиациялық үдерістердің тиімділігін арттыруға негіз болуда. Бұл бағыттағы жобаларға жас ғалымдар мен ізденушілер белсенді түрде қатысып, заманауи биотехнологиялық әдістерді меңгеріп, өздерінің ғылыми құзыреттілігін арттыруда. Мұның барлығы орталықтың жоғары зерттеу деңгейі мен халықаралық беделін айқын көрсетеді.

Орталықтың негізгі халықаралық серіктестері қатарында биоинженерия және фотобиотехнология саласында жоғары әлеуетке ие Токио ғылыми университеті мен әлемдегі ең ірі фармацевтикалық компаниялардың бірі саналатын қытайлық Kelun фармацевтикалық корпорациясы бар. Сондай-ақ халықаралық ынтымақтастық шеңберінде AlgaBioTech ғалымдары АҚШ, Жапония, Қытай, Чехия, Түркия, Ресей және басқа да елдердің жетекші ғылыми орталықтарымен, университеттерімен бірлескен жобаларды жүзеге асырып, тәжірибе алмасу мен білімді жетілдіруге үлкен мән береді. Мұндай ынтымақтастық орталықтың ғылыми зерттеулерінің сапасын арттырып, Қазақстанның биотехнологиялық әлеуетін әлемдік деңгейде танытуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар AlgaBioTech орталығы жас ғалымдар мен студенттердің халықаралық тағылымдамаларға қатысуын қолдап, оларға әлемдік ғылыми тәжірибеден өту мүмкіндігін ұсына отырып, жаңа буын ғалымдарын даярлайтын маңызды білім беру платформасына айналады. Магистранттар мен PhD докторанттарына озық технологиялармен жұмыс істеу және маңыздылығы жоғары ғылыми зерттеулерге қатысу мүмкіндігі берілген. Бұл Қазақстанның биотехнология саласындағы кадрлық әлеуетін нығайтып, болашақта инновациялық зерттеулердің негізін қалыптастыруға ықпал етеді.



Оңтүстік-Шығыс Азия университеттерімен байланыс

Білім ордасының рейтингі мен ғылыми әлеуетіне оң әсер ететін негізгі критерийлердің бірі – оқу процесіне шетелдік ғылыми-педагогикалық кадрлар мен мамандарды тарту. Осыған орай, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры, профессор Жансейіт Түймебаев әлемнің жетекші университеттері, соның ішінде Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің жоғары оқу орындарымен халықаралық ынтымақтастықты белсенді түрде кеңейтуде. Осындай серіктестердің бірі – Малайзияның ең көне және беделді жоғары оқу орындарының қатарындағы Малайя университеті (University of Malaya). Малайя университеті әлемнің үздік 100 университетінің қатарына тұрақты түрде еніп, беделді QS World University Rankings рейтингінде 58-орынды иеленеді. Университет жоғары деңгейлі оқыту сапасы және ғылыми-зерттеу қызметіндегі жетістіктерімен кеңінен танымал.



Университетке шетелдік оқытушылар мен зерттеушілерді тарту – шетелдік студенттерді қабылдауға қарағанда анағұрлым күрделі процесс. Бұл ретте университеттің шетелдік профессорларға ашықтығының деңгейі, бағдарламаны іске асыруға кететін қаржы шығындары, академиялық ынтымақтастықтың саяси-географиялық басымдықтары және басқа да көптеген факторлар ескеріледі. Айта кету керек, әлемнің жетекші университеттері халықаралық оқытушы-профессорлық құрамымен ерекшеленеді және шетелдік оқытушылардың үлесі беделді QS World University Rankings рейтингінде ескерілетін маңызды көрсеткіштердің бірі.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Малайя университетінің заң факультеттері декандары – профессор Уәлихан Ахатов пен профессор Джейсон Чуа онлайн форматта видеоконференция арқылы кездесу өткізді. Кездесу барысында тараптар ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызметтің нақты бағыттары бойынша екіжақты ынтымақтастықтың даму перспективаларын талқылады. Келісімдер аясында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының меңгерушісі, қауымдастырылған профессор Талғат Балашовтың бастамасымен Малайя университеті заң факультетінің қауымдастырылған профессоры, PhD докторы Мохаммад Эршадул Карим 2-курс магистранттарына дәріс оқуға және кеңес беруге шақырылды. Сабақтар бекітілген кестеге сәйкес, апта сайын өткізіледі. Сонымен қатар кафедраның ұсынысы бойынша доктор Карим 1-курс PhD докторантының ғылыми кеңесшісі болуға, «ҚазҰУ Хабаршысы.

Заң сериясы» ғылыми журналының редакциялық алқасына мүше болуға және ғылыми жобаға қатысуға келісті.

Доктор Мохаммад Эршадул Карим – Азиядағы құқық және технологиялар саласындағы жетекші ғалым және сарапшы. Ол нанотехнологиялар бойынша PhD дәрежесіне ие және Bright Spark бағдарламасының стипендианты. «Жасанды интеллект», «Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар», «Нанотехнологиялардың құқықтық және нормативтік аспектілері», «Жаңа технологиялар және құқық», «Жеке өмірді қорғау және деректерді қорғау заңнамасы» және басқа да бағыттарда көптеген еңбектердің авторы. Доктор М.Э.Каримнің ғылыми және педагогикалық тәжірибесі 25 жылды құрайды, ол әлемнің 58 университетінде дәріс оқыған. Оның 28 ғылыми мақаласы SCOPUS базасында, 25 мақаласы Web of Science базасында индекстелген. Сонымен қатар ол 6 монографияның авторы және 10 кітаптың қосалқы авторы.

Қорытындылай келе айтарымыз, қазіргі таңда заң факультетінде шетелдік ғалымдарды оқу және ғылыми қызметке тарту деңгейінің тұрақты өсімі байқалады. Бұл үрдіс университеттің академиялық беделін, сондай-ақ білім беру бағдарламалары мен ғылыми зерттеулердің сапасын айқындайтын негізгі факторлардың бірі. Университет басшылығының жоғары білікті шетелдік мамандарды тарту жөніндегі шаралары жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесін дамыту және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағытындағы маңызды қадам.

Архат ӘБИКЕНОВ,
заң ғылымының кандидаты,
доцент

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің механика-математика факультеті Математикалық және компьютерлік модельдеу кафедрасының қабырғасында 3-4 курс студенттерімен ерекше, рухандыратын кездесу өтті. Кафедра түлегі, жас әрі табысты кәсіпкер, инновациялық Aidentis стартапының негізін қалаушы Асылзат Исатайды арнайы қонаққа шақырдық. Бұл кездесу студенттер үшін тек пайдалы ақыл-кеңес алмасу сәті ғана емес, білім мен еңбек, арман мен іске жетелейтін маңызды көпірге айналды.

Инновациялық шешім

ұсынған кәсіпкер-түлек



Aidentis: жасанды интеллект арқылы стоматологияда серпіліс.

Асылзат Исатай – ХХІ ғасырдың технологияларын қолданып, денсаулық сақтау саласында, нақтырақ айтқанда стоматология бағытында, инновациялық шешімдер ұсынған кәсіпкер. Оның бастамасымен құрылған Aidentis стартапы жасанды интеллект көмегімен дәрігерлердің жұмысын оңтайландырып, клиникалар мен студенттік ұйымдар арасында серіктестік орнатуда.

Aidentis платформасы телерентгенограмма (ТРГ) секілді күрделі диагностикалық суреттерді автоматты түрде талдап, дәрігерлерге дайын талдау нәтижелерін ұсынады. Бұл тәсіл мамандардың уақытын үнемдеп, диагноз дәлдігін арттырады.

2024 жылы жоба 200 мың АҚШ доллары көлемінде бизнес-ангел инвестициясын тартып, 3 млн АҚШ доллары деңгейінде бағаланған. Бұл – еңбектің еленгені, табандылық пен білімге деген адалдықтың айғағы.

Aidentis жақында Қазақстандық стоматологиялық қауымдастық (ҚСҚ) және Қазақстан студент-стоматологтар қауымдастығы (DAS) ұйымдарымен стратегиялық әріптестік орнатты. Бұл ынтымақтастық стоматологиялық білім беруді жаңғыртып, заманауи цифрлық шешімдерді отандық медицина саласына енгізуге жол ашты.

Кездесу барысында Асылзат Исатай студенттермен еркін сұхбаттасып, өз жолындағы қиындықтар мен жетістіктер туралы ашық әңгімеледі. «Университет – біздің кәсіби болашағымызды қалыптастыратын үлкен алаң. Мен мұнда тек диплом алу үшін емес, өзім үшін, үйрену үшін оқыдым», – деді ол. Сондай-ақ түлегіміз университеттік білімнің кәсіби өмірдегі рөлін ерекше атап өтіп: «Менің оқу кезінде сабаққа берілгенім – бүгінгі стартапымның, технологиялық шешімдерімнің түпкі негізі. Әрбір алгоритм, әрбір есеп, әрбір код – кейін қолымдағы құралға айналды», – деді. Бұл пікір математика мен компьютерлік модельдеу және қолданбалы математика саласында білім



алып жүрген студенттер үшін үлкен шабыт болды.

Кездесу кезінде студенттер түлекке көкейдегі сұрақтарын қойды.

«Стартап бастаған кезде қандай қиындықпен бетпе-бет келдіңіз?» – деген негізгі сұраққа Асылзат: «Команда жинау және алғашқы инвесторларды табу ең күрделі кезеңдердің бірі болды. Бірақ университетте үйренген логикалық ойлау мен жүйелі көзқарас сол қиындықтарды жеңуге көмектесті», – деп жауап берді.

Студенттер Асылзаттың әңгімесінен табандылық пен мақсатқа ұмтылудың маңыздылығын түсініп, болашақ кәсіби жолына сеніммен қарауға жігер алды.

Кездесу соңында қатысушылар түлектің жетістігіне қуанып, осындай үлгі болар жандармен жүздесудің ерекше әсер қалдырғанын айтты. «Өз пайданды ойлама, ел пайдасын ойла, өз пайдаң соның ішінде» деген Жүсіп Баласағұнның нақыл сөзі бұл кездесудің мәнін айқын түйіндеді.

Асылзат Исатай – халқына ұлағат, еліне өнеге бола білген заманауи жастың жарқын бейнесі. Оның табысы – ҚазҰУ түлегінің ғылым мен технологияны ұштастыра отырып, әлемдік деңгейде мойындалғанының айғағы.

Лида САҒЫМБАЕВА,
Математикалық және компьютерлік модельдеу кафедрасы меңгерушісінің оқу-әдістемелік және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Ақмарал ЕРКІНОВА,
«Қолданбалы математика»
мамандығының 3-курс студенті

Әрбір ұйымда, мекемеде елдің бәрі қоғдай жапырылып құрметтейтін сыйлы жандар болады. Адамның сый, құрметке бөленуі – әуелі оның адамгершілігіне, ақыл-парасатына, кәсіби біліктілігіне және терең біліміне тікелей байланысты. Біздің кафедра ұжымының ерекше құрметтейтін, сыйлайтын әріптестерінің бірі – ардақты ұстаз Қоңыр Мұқатаева.

студенттерге арнап оқу құралдарын, оқулықтар жазды. Оның «Баспа ісіндегі стандарттар», «Отандық және шетелдік баспа ісі» атты еңбектері Қазақстандағы «Баспа ісі» мамандығында оқитын студенттерге және дәріс беріп жүрген

ЖИ дәуіріндегі өркениет қалай дамиды?

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде белгілі ғалым, Ресей ғылым академиясының академигі, М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті Күрделі жүйелердің математикалық зерттеулері институтының жетекші ғылыми қызметкері, профессор Асқар Ақаевтың дәрісі өткенін білесіздер. Профессор «ЖИ дәуіріндегі адамзат дамуы» атты тақырыпта мазмұнды және терең ойға құрылған көшбасшылық дәріс оқыды.



Кездесу барысында ғалым қазіргі заманның жаһандық үрдістерін, жасанды интеллекттің дамуын және оның қоғам өміріне әсерін кеңінен талқылады. Ол цифрлық дәуірде ғылым мен білімнің, инновация мен адам капиталының рөлі ерекше екенін атап өтті. Профессордың айтуынша, жасанды интеллект тек экономикалық жүйелерді емес, сонымен қатар мәдениет пен әлеуметтік қатынастарды да түбегейлі өзгертуде. Ол демографиялық өзгерістер мен адамзат эволюциясының болашағына қатысты өз ғылыми көзқарасын ортаға салды. «Адам мен ЖИ арасындағы өзара байланыстың, әрекеттің салдары қандай болады?» деген сауалға профессордың жауабы мынадай болды: «ЖИ адамның ең үлкен көмекшісі де, ең үлкен бас ауруы да бола алады. Жасанды интеллект көмегімен күнделікті тапсырмаларды автоматтандыру бізге күрделі және шығармашылық тапсырмаларға назар аударуға және бос уақытымызды кеңейтуге мүмкіндік береді. Егер жасанды интеллект бәсекелес емес, адамның когнитивтік қабілеттерін күшейтетін құралға айналса, онда мәдени революцияның жаңа дәуірі пайда болуы мүмкін. Екінші жағынан, жасанды интеллектіге тәуелділік адамның тәуелсіздігі мен шығармашылығының төмендеуіне, ал жасанды интеллект көмекшілерін кеңінен қолдану адам интеллектісінің күрт төмендеуіне және аналитикалық дағдылардың жоғалуына әкелуі мүмкін. Жасанды интеллект адамдарды қуыршақтарға айналдырып, олардың пікірлерін манипуляциялап, корпоративтік мүдде үшін лобби жасай алады». Алайда профессордың



ойы: «Адам мен жасанды интеллект арасында бір-бірімен бәсекелесудің орнына толықтыратын симбиоз жасалуда. Сонымен қатар адам бұл симбиозда көшбасшы болып қала беруі керек, жасанды интеллектің күшін адамзаттың әл-ауқатына қызмет етуге бағыттауы керек. Өркениеттің эволюциясы жоғары, прогрессивті траекториямен жүретін болады».

Асқар Ақаев жастарды жаңа идеяларды батыл ұсынуға, ғылыми зерттеулерге белсенді араласуға және адамзат дамуына үлес қосуға шақырды. Ғалымның дәрісі тыңдаушылар арасында үлкен қызығушылық пен терең ой тудырды. Дәріс соңында студенттер мен оқытушылар өз сұрақтарын қойып, профессордың пікірлерін талқылады. Математикалық және компьютерлік модельдеу кафедрасының ұжымы дәрісте көтерілген идеяларға зор қызығушылық танытты және болашақта бірлескен ғылыми жобалар жүргізу мүмкіндігін атап өтті. Қатысушылар бұл кездесуді ҚазҰУ-дың ғылыми және зияткерлік өміріндегі айрықша оқиға ретінде бағалады.

Сәуле МАУСЫМБЕКОВА,
Математикалық және компьютерлік модельдеу кафедрасының меңгерушісі, қауымдастырылған профессор

Баспагерлер бағбаны



Қоңыр Мұқатайқызы Қарағанды облысының Шет ауданындағы Ақжал ауылында дүниеге келген. 1968 жылы Ақжал орта мектебін үздік тамамдап, С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түсіп, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын алып шығады. Алғашқы еңбек жолын Мемлекеттік кітап палатасынан бастаған Қоңыр апай онда ұзақ жыл табан аудармай қызмет істеп, библиограф, редактор, бөлім меңгерушісі болады. 1998 жылы Кітап палатасы директорының орынбасары қызметіне тағайындалады.

Тәуелсіз Қазақстанның баспа ісін ілгерілетуге үлес қосқан бір шоғыр баспагерлердің арасында Қоңыр Мұқатайқызының есімі жиі аталады. Себебі оның кітап, баспа, библиография саласына қосқан еңбегі ұшан-теңіз. Қоңыр Мұқатайқызының тікелей жетекшілігімен қазақ кітабының ұлттық стандарты жасалынды. Сондай-ақ ол Қазақстан кітап басу ісіне ISBN, ISSN халықаралық стандарттарын енгізуге мұрындық болды. Стандартты жете меңгергені соншалық – қазақ баспагерлеріне арнап «Басылымдардың шығарылым мағлұматтары: баспагерлер үшін әдістемелік нұсқау», «Роль и необходимость применения международных стандартов ISO в издательском деле. Основные стандарты по издательскому делу» атты әдістемелік оқулықтар шығарды. Кеңес Одағы ыдырап, «бір жүйе», «бір ереже» жоғалып, баспагерлер абдырап тұрған тұста бұл нұсқаулықтардың маңызы ерекше еді. Қазақстанның кітап басу ісіне халықаралық стандартты енгізудегі озық тәжірибесі көршілес Қырғызстан мен Өзбекстанға үлгі болды.

Жалпы, кітап әлемінде халықаралық жәрмеңкенің ерекше орны бар. Ол қазақ кітабын халықаралық деңгейде таныстыруға зор мүмкіндік тудырады. Қоңыр Мұқатайқызының қажырлы еңбегі мен абырой-

беделінің арқасында қазақ кітабы халықаралық жәрмеңкелерге қатысуға кең мүмкіндік алды. Өзі де Франкфурт, Абу-Даби, Мәскеуде өткен халықаралық кітап жәрмеңкелеріне бірнеше рет қатысып, мол тәжірибе жинап қайтты. Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы «Ұлы Жібек жолымен» атты тұңғыш кітап жәрмеңкесін ұйымдастыруға мұрындық болды.

Баспагерлер Қоңыр Мұқатайқызының ересен еңбегін бағалай отырып, оны 2007 жылы Қазақстан баспагерлері мен кітап таратушылар ассоциациясының атқарушы директоры етіп сайлады. Қоңыр Мұқатайқызына баспа, кітаптану ғылымына, ұлттық библиографияны дамытуға қосқан үлесі үшін «Қазақстан Республикасының баспа ісінің қайраткері», «Мәдениет саласының үздігі» деген атақтар берілді. 2007 жылы Қазақстан Президентінің жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Ол Мемлекеттік кітап палатасында қызмет істей жүріп, ғылымға бет бұрады. 2007 жылы академик Сейіт Қасқабасовтың жетекшілігімен «Бісқақ Дүйсенбаевтың ғылыми мұрасы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, филология ғылымының кандидаты атанады. Бүкіл саналы ғұмырын қазақ әдебиетін зерттеуге арнаған ғалым, Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, филология ғылымының докторы, профессор Ысқақ Дүйсенбайұлының еңбегіне тұңғыш рет ғылыми баға берді.

2011 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Баспа ісі кафедрасының сол тұстағы меңгерушісі С.Медеубекұлының шақыруымен оқытушылық қызметке ауысады. Өзінің баспа саласындағы, кітаптану саласындағы жинаған мол тәжірибесін шәкірттерімен бөлісіп, он төрт жыл ішінде баспагерлердің бірнеше буынын тәрбиелеп шығарды. Қоңыр Мұқатайқызы теория мен тәжірибені ұштастыра отырып,

оқытушыларға таптырмас көмекші құрал.

Қоңыр Мұқатайқызы – «бір қолымен әлемді тербеп, бір қолымен бесігін тербеген» қазақ әйелдерінің бірі. Отбасы мен қызметін қатар алып жүріп, балаларын дұрыс тәрбиелеп өсірген бақытты ана. Дастарханынан қонағы үзілмеген кең пейілді, мол қолды отанасы. Жолдасы, ғалым Қалменбай Сармантаев екеуінің қол ұстасып, елу жыл бұрын көтерген шаңырағы бұл күнде үлкен ордаға, босағасынан бақ, табалдырығынан ырыс кетпеген берекелі отбасына айналған. Үш жыл бұрын жолдасы Қалменбай өмірден өтіп, жүрегіне қаяу түскенімен, одан өрбіген саналы ұрпақтың де-меуі – дәтке қуат, көңілге медет.

Қоңыр Мұқатайқызының хоббиі – саяхаттау. Ол демалыстың әрбір сәтін тиімді пайдаланып, денсаулығын нығайтып, күш-қуат жинайтын «еуропалық көзқарастағы» қазақтың бірі. Қолы босай қалса жолқапшығын асынып алып, Қазақстанның, шетелдің әсем жерлерін саяхаттауға асығып бара жатады. Жер шарында Қоңыр апайдың аяғы тимеген мекен некен-саяқ. Биылғы жаздың өзінде Еуропаны тұтас шарлап келіп, арасында Көкшетауға барып саяттап, жолай ауылына соғып, қымызын ішіп, саф ауасын жұтып, марқайып қайтты.

Бар болса таспайтын, әдептен озбайтын, үлкенді үлкендей, кішіні кішідей сыйлайтын, өз кәсібінің білгірі, шәкірттерінің ардақты ұстазы, ұстамды, сабырлы, көркем мінезді, ақылына көркі сай Қоңыр Мұқатайқызы – қазақ әйелдерінің эталоны. Биыл мерейлі 75 жасқа келіп отырған әріптесіміз Қоңыр Мұқатайқызына деніне саулық, отбасына амандық тілейміз! Абыройыңыз артып, ел құрметіне бөлене беріңіз дейміз.

Айгүл РАМАЗАН,
Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының меңгерушісі

Степан МАЗНЕВ,
кандидат географических наук (PhD):

КазНУ дал возможность учится и учить

– **Степан Валерьевич! Расскажите, пожалуйста, о своей сфере исследований?**

– В 2011 году я окончил МГУ имени М.В.Ломоносова. В ранних исследованиях и позднее в Геологическом институте (ГИН РАН) в Москве занимался тектоникой. Территориально исследования были связаны с Монголо-Охотским поясом и Джунгарском Алатау. Однако в последние годы тектоника не была моим основным научным интересом.

Основной областью моих научных интересов являются ледовые воздействия, в частности изучение ледяного покрова и айсбергов. Именно этой тематике посвящена моя кандидатская диссертация, в которой рассмотрено влияние ледяного покрова на морское дно Аральского и Каспийского морей. В последнее время я был сосредоточен на исследованиях Арктики. С началом преподавательской деятельности моя научно-исследовательская активность существенно сократилась. Моя специализация — геоморфология, дисциплина, охватывающая широкий спектр процессов на поверхности Земли. Мои научные интересы включают тектонику, экзогенные геоморфологические процессы и гидрометеорологию. В частности, я занимаюсь изучением процессов ледяной экзарации, что представляет собой актуальную и прикладную научную проблему. Практическая значимость моих исследований проявляется в необходимости учета ледового воздействия на дно Каспийского моря при проектировании и эксплуатации подводных трубопроводов и морских платформ. Ледовые воздействия требуют углубления трубопроводов для предотвращения их повреждений, а также разработки систем защиты морских сооружений. Кроме того, проблема навалов и надвигов льда на прибрежных территориях остается актуальной в связи с климатическими изменениями и снижением уровня Каспийского моря. Регион Аральского моря, на мой взгляд, остается недостаточно исследованным. Причины отсутствия активных исследований там вызывают вопросы. Мои работы посвящены анализу высохшего дна и идентификации следов ледяных образований. Эти исследования скорее фундаментальные и важны для понимания связи процессов динамики изменения уровня воды и ледовых воздействий. Аналогичные процессы происходят на Каспийском море, где изменение климата вызывает перестройку ледового режима. Совместно с коллегами из Казахстана нами была подготовлена и опубликована промежуточная статья, в которой представлены основные концептуальные подходы и результаты.

– **Какой регион Казахстана вас заинтересовал как географ?**



– Как географ и геоморфолог, я использую геологические признаки в своих исследованиях, а геоморфология, в свою очередь, служит методом для решения геологических задач. Таким образом, геоморфологические методы являются важным инструментом для изучения геологических процессов и структур. Особый интерес для меня представляет горное обрамление территории Казахстана. Особый интерес представляют исследования в Джунгарском Алатау, Восточном и Южном Казахстане — регионах, обладающих высокой научной значимостью. Что касается моих исследований ледовых процессов, основное внимание уделяется районам Каспийского и Аральского морей, однако спектр исследований не ограничивается этими регионами. Аналогичные ледовые явления наблюдаются и на озере Балхаш.

– **Какие возможности открыл для вас КазНУ?**

– Во-первых, возможность учиться и учить. Меня сразу приняли на ставку с высокой нагрузкой, что потребовало быстрого освоения новых навыков. Это стало платформой для приобретения ценного преподавательского опыта, которого до этого момента у меня не было. В МГУ я работал научным сотрудником, и там многое по-другому. Здесь студентов очень много. Надеюсь, оправдать оказанное мне доверие.

– **Какой совет вы бы дали молодым ученым, студентам, которые хотят заниматься наукой?**

– Этот вопрос достаточно сложный. В первую очередь необходимо постоянно учиться и верить в свои возможности. Важно активно искать и участвовать в научных проектах, а также находить опытного научного руководителя и попасть хорошую команду исследователей. Следует ответственно выполнять поставленные задачи и проявлять терпение, поскольку значимые научные результаты обычно достигаются в течение нескольких лет. Молодежи свойственно ожидать быстрых успехов, однако здесь важна усидчивость, систематическая работа над собой и понимание, что прогресс требует времени.

**Беседовала
Енлик АҚЖИГИТ**

На военной кафедре с учащимися школы-гимназии № 97 города Алматы прошёл Урок Мужества «Равнение на героев!», посвящённый 100-летию со дня рождения Героя Советского Союза Алии Молдагуловой. Мероприятие стало важным событием, направленным на воспитание у молодёжи патриотизма, силы духа и уважения к героям Великой Отечественной Войны.

Урок Мужества «Равнение на героев!»

Школьники познакомились с биографией и подвигом Алии Молдагуловой, посмотрели документальные кадры о её жизни и боевом пути, а также посетили выставку, посвящённую героической снайперше. В рамках Урока Мужества прошёл конкурс среди девочек «Лучший снайпер», где участницы проявили меткость, выдержку и дисциплину, тем самым отдавая дань памяти храброй героине.

По завершению мероприятия заместителем начальника военной кафедры полковником Мусиным А.С. были вручены грамоты от начальника военной кафедры КазНУ имени аль-Фараби полковника Ажимова Олега Вали-Ахметовича, победительницам конкурса ученице 10 «Б» класса Скорняковой Богдане и ученице 10 «А»



класса Рахметкалиевой Жanelь.

Урок мужества украсили выступления студентов — домбристов военной кафедры, которые исполнили песни попури о мужестве, любви к Родине и памяти героев. Этот урок мужества стал примером тесного сотрудничества школы и воен-

ной кафедры, доказав, что память о героях живёт в сердцах нового поколения и вдохновляет на служение Родине.

Эльнара БЕЙСЕТБАЕВА,
начальник отдела военно-патриотической и оборонно-массовой работы военной кафедры КазНУ

Летом мне выпала честь представить нашу работу на Villars Symposium, проходившем в Швейцарии в рамках инициативы Global Learning Council (GLC).

Это событие объединило ведущих учёных, педагогов и политиков, чтобы обсудить пути ускорения устойчивого развития. Я представляла нашу международную студенческую команду из шести человек, с которой мы в течение 10 месяцев разрабатывали проект «Ускорение энергетического перехода: технологии и образование для локального воздействия» — совместную инициативу CERN и GLC.

Наша команда была выбрана из более чем 330 участников Программы летних студентов CERN 2024. Мы поставили перед собой амбициозную задачу: создать практическое, доступное и научно обоснованное учебное пособие по возобновляемой энергетике, которое могло бы использоваться даже школьниками без базовых знаний в физике. Результатом стал компактный солнечный сушильный аппарат, сопровождаемый методическим пособием для учителей, красочными брошюрами и пошаговой инструкцией.

На сегодняшний день наше устройство уже успешно применялось на образовательных мастер-классах в Уругвае, Мексике и Австралии. Оно демонстрирует,

Образование через практику



как простые технические решения могут вдохновлять учащихся на изучение физики, устойчивого развития и инженерии. В данный момент мы ведём переговоры о коллаборации с образовательными учреждениями по всему миру и планируем масштабировать проект, чтобы охватить ещё больше стран и школ. Мы убеждены, что распространение таких практико-ориентированных решений способно кардинально изменить подход к преподаванию науки и устойчивого развития.

Участие в симпозиуме в Вилларе стало для меня важным этапом: я выступала перед международным сообществом, представляя не только результаты проекта,

но и вклад студентов из Казахстана в решение глобальных проблем. Моя работа была высоко оценена, и я почувствовала, насколько важен голос молодежи в научном и образовательном диалоге. Этот опыт научил меня верить в силу коллаборации, важность доступного образования и то, как даже студенческие инициативы могут оказывать реальное влияние. Я продолжаю своё обучение в области теоретической физики, но теперь — с ещё большей уверенностью в том, что наука должна служить обществу и быть открытой для всех.

Амина САДУ,
студентка 4 курса
физического факультета

Инновация — дамудың қозғаушы күші

Механика-математика факультеті Математикалық және компьютерлік модельдеу кафедрасының 1-курс магистранты Екубжон Сайдуллаев педагогикалық тәжірибе аясында «Қолданбалы математика» мамандығының ПМ-25-1 топ студенттерімен «ТДМ 9: Индустрияландыру, инновация және инфрақұрылым» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Ашық сабаққа кафедра меңгерушісінің м.а. Сәуле Маусымбекова және оқытушылар қатысып, сабақты бақылап, бағалады.



Сабақ соңында өткізілген рефлексия кезеңінде инфрақұрылым, индустрияландыру және инновацияның Қазақстан дамуы үшін саяси-экономикалық, ғылыми-технологиялық маңызы талданып, студенттер жаңа білімдер мен түсініктерін бөлісті.

Тұрақты даму – болашақ ұрпақтың мүддесін сақтау арқылы бүгінгі күннің сұранысын қанағаттандыру жолы. Инновациялар мен индустриялық технологияларды меңгерген маман ғана елдің болашағына ықпал ете алады. Білім ордасында осындай заманауи бағыттағы ашық сабақтардың өткізілуі ойлау мәдениетін жаңғыртып, жастарды ғылыми-технологиялық дамуға бейімдейді.

Лида САҒЫМБАЕВА,
Математикалық және компьютерлік пішіндеу кафедрасы меңгерушісінің оқу-әдістемелік және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Ашық сабақ барысында магистрант индустрияландырудың мемлекет пен қоғам өміріндегі стратегиялық маңызына тоқталып, инновациялар мен заманауи инфрақұрылымның елдің экономикалық дамуына әсерін айқын дәлелдермен көрсетті. Сонымен қатар әлемдік деңгейде танымал Tesla және SpaceX секілді компаниялардан бастап, Қазақстандағы Kaspi.kz, Halyk bank, Homebank, Jusan Bank платформалары, сондай-ақ Bilim-Land және Daryn.online сияқты отандық білім беру саласындағы инновациялық жүйелер мысалға алынды. Модернизацияланған технологияларды дамыту, жасанды интеллектіні

қолдану, «ақылды қала» концепциясы, балама энергия көздері – сабақтың негізгі талқыланған бағыттары болды.

Магистрант студенттерді белсенді әрекетке тарту мақсатында топтық жұмыс ұйымдастырып, «Сіздің қалаңыздың тұрақты дамуына көмектесетін қандай инновация ойлап табар едіңіз?» деген сұрақ арқылы шығармашылық ойлау, талдау және шешім қабылдау дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырма берді. Сабақ барысында студенттер кәсіби бағыттағы ойларын бөлісіп, болашақ математикалық модельдеуші маман ретінде тұрақты даму элементтеріне қатысты өз ұсыныстарын айтты.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің кітапханасында ерекше рухани кездесу өтті. Әдебиетке қадам басқанына он жылдай уақыт болған жазушы, драматург, сыншы, ұстаз, Мәдениет саласының үздігі, сегіз кітаптың авторы Айзат Рақыш оқырман жастармен кездесті.

Басқосуда жазушының жаңа еңбегі – «Оянған аңыз» кітабының тұсаукесері өтті. Қаламгерді кітапхана қызметкерлері айрықша құрметпен қарсы алып, тарихы бай рухани орданың құндылықтарымен таныстырды.

«Оянған аңыз» – бүгінгі

«Оянған аңыз» оқырманға ерекше сезім сыйлады

оқырманның жүрегіне үміт отын жағатын терең ой мен жан толғанысын қатар өрген еңбек. Кітап жай ғана шығарма емес, ол өткен мен бүгіннің арасын жалғаған рухани көпір. Оқырман қауым бұл туындыдан қазақ руханиятының жаңғыру келбетін көріп, сөздің киесіне тағы бір мәрте көз жеткізді.

Жиынға қатысқан студенттер мен жас қаламгерлер өз пікірлерін ортаға салып, шығармадан алған әсерімен бөлісті. Кейбірі арнау өлеңдерін оқып, бірі жазушының басқа туындыларын талдап, тіпті өнерпаз жастар ән мен күйден тарту жасады.

Жүздесу барысында жазушы Айзат Рақыш алдағы уақытта да шығармашылық ізденісін жалғастыратынын жеткізіп, жаңа еңбектерінің жарық көруі жайында сүйінші жаңалығымен бөлісті. Оның әрбір сөзі студенттерге шабыт, ұстаздарға мақтаныш сыйлады.

Шараны ұйымдастырушы механика-математика факультетінің студенттері мен ұстаздарының атынан Қасым Аманжолов атындағы шығармашылық бірлестіктің жетекшісі, Есептеу ғылымдары және статистика кафедрасының аға оқытушысы Болат Әбенев қаламгерге ізгі тілегін білдіріп,

факультет деканы Жоламан Бектемесовтің алғыс хатын ұсынды.

Айзат Рақыштың шығармашылығындағы басты өзек – адам жанының тереңдігі, өмірдің мәнін іздеу және ұлттық құндылықты жүйелі дәріптеу. Кездесуден кейін көпшілік рухани әсерге бөленді. Бұл ұлт санасының оянуына, жас буынның рухани серпілуіне ықпал етер туынды екені анық. Сөздің құдіреті мен рухтың биіктігі ешқашан өшпейді.

Қарақат АРДАҚҚЫЗЫ,
журналистика факультеті «Кино және медиа» мамандығының 1-курс студенті



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Қайыржан ТӨРЕЖАН

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.